**Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:**

- ✓ «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/;
- ✓ Қазақстан Республикасының Конституциясы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002;
- ✓ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518;
- ✓ 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext;
- ✓ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
- ✓ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
- ✓ «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
- ✓ «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319
- ✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері https://nao.kz/
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері https://nao.kz/.

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі – педагогикалық тәжірибеге білім алушылардың академиялық білімін, негізгі біліктіліктері мен құзырлылықтарын қалыптастыруды, олардың оқуға деген ұмтылысын, оқу-танымдық әрекетке қызығушылығын арттыруды қамтамасыз ететін білім берудің мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістері мен технологияларын ендіру.

**ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:**

**Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар *(сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр)* құрайды.**

1.Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2.Рухани-танымдық тәрбие;
3.Ұлттық тәрбие;
4.Отбасылық тәрбие;
5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

## Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді.

## Іске асыру тетіктері:

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

**Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер.**

- ✓ *Қазақстан Республикасының рәміздеріне – 30 жыл;*
- ✓ *Қазақстанның БҰҰ-30 жыл*
- ✓ *Мәншүк Маметованың – 100 жылдығы;*
- ✓ *Роза Бағланованың – 100 жылдығы;*
- ✓ *Әзілхан Нұршайықовтың – 100 жылдығы;*
- ✓ *Талғат Бигелдиновтың – 100 жылдығы;*
- ✓ *Қаз дауысты Қазыбек бидің туғанына – 355 жыл;*
- ✓ *Қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публисист, педегог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына– 150 жыл;*
- ✓ *Дулат Бабатайұлының туғанына– 220 жыл.*
- ✓ *Султан Бейбарыстың -800 жыл*
- ✓ Мұхтар Әуезовтің туғанына -125 жыл
- ✓ Ғабит Мүсіреповтің туғанына 120 жыл
- ✓ Шерхан Мұртазаның туғанына -90 жыл
- ✓ Дулат Исабековтің туғанына -80 жыл

**2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылады:**

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта мектеп»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»
- ✓ «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Мектеп өмірінің бір күні»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;
- ✓ «Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;

  «Музей сабақтары» – «Музей күні» жобасы;

  «Театр сабақтары» жобасы.

Оқу жылының әрбір аптасында өткізілетін 36 сынып сағатының тақырыптары ұсынылады (сілтеме).

Жобалардың негізгі идеясы білім алушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу болып табылады.

**<u>Мектепішілік тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбы:</u>**

Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру;

**«Астрахан аулының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша**
**2022-2023 оқу жылы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы негізінде жасалған тәрбиенің жұмыс жоспары.**

***Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары***

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | **I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету** | | | |
| 1 | Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес **сегіз негізгі бағыт** бойынша жүзеге асырылады. | 2022-2023 | Мектеп әкімшілігі, ұжымы | 2022-2023 |
| 2 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 18 қыркүйекте № 24429 болып тіркелді | 2022-2023 | Мектеп әкімшілігі, ұжымы | 2022-2023 |
| 3 | Президент 2022 жылды - Балалар жылы деп жариялады. Мұндағы мақсат - өскелең ұрпақты қорғау мақсатында ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында нақты іс-шаралар жасау. Қасым - Жомарт Тоқаев өз сөзінде балалардың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз, - деп баса айтты. | 2022 Қыркүйек Желтоқсан | Мектеп әкімшілігі, ұжымы | 2022-2023 |
| 4 | «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (12-бап) (білім беру органдарының кәмелетке толмағандардың жазғы демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жөніндегі құзыреті көзделген); | 2022-2023 | Мектеп әкімшілігі, ұжымы | 2022-2023 |
| | **II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету** | | | |
| 1 | Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттама). «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б. | 2022-2023 | Мектеп әкімшілігі, ұжымы | 2022-2023 |
| 2 | Тәрбие жұмысының 2022-2023 оқу жылына арналған жоспарын жасау және бекіту | Бекітілген жұмыс жоспары | ДТІЖО | тамыз |
| 3 | Тәрбие жұмысының жоспарын құру бойынша сынып жетекшілеріне кеңес беру | Топтағы жұмыс жоспары | ДТІЖО | 31.08-4.09.2022 |
| 4 | Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту | хаттама | Қамқоршылық кеңес төрайымы, ДТІЖО | Кесте бойынша |

## III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар

**I. Бағыты: Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие**

Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | *1 қыркүйек - Білім күні мерекесін атап өту<br>*1 қыркүйек -Білім күнін және «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізу<br>*1 қыркүйек -Білім күніне орай спорттық жарыстар және бейнекөрсетілімдер дайындау | Мерекелік іс-шара. Сынып сағаттары | Мектеп әкімшілігі ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер | 01.09.2022жыл |
| 2 | Мектептегі жол қауіпсіздігін және өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында "Абайлаңыз балақай!" іс-шара | Айлық іс-шара | ДТІЖО Сын.жетекшілер | Қыркүйек |
| 3 | Оқушылар арасындағы буллингтің алды алу бойынша бес терек жобасымен бірге жұмыс жасау. (талдау, анықтау, сараптама, сауалнама) анықталған мәселелер бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу | талдау, анықтау, сараптама, сауалнама | Психолог Сын.жетекші | Жыл бойына |
| 4 | Балалар арасында құқық бұзушылық пен тұрмыстық зорлық зобылық, ерте жүктілік, тәртіпсіздіктің алдын алу бойынша жұмыс жүргізу. Балаларды ортаға бейімдеу бойынша тренинг сабақтарын өту. | талдау, анықтау, сараптама, сауалнама | ДТІЖО Психолог Сын.жетекші | Жыл бойына |
| 5 | Аудандық жасөспірімдер бойынша полиция өкілімен мектеп оқушыларының кездесуі. ӘҚБ кодексі, ҚР қылымстық кодексі, ҚР конституциясы т.б мәселелер бйынша. | Кездесу. Сұрақ-жауап | ЮПТ ДТІЖО Сын.жетекші | Қыркүйек Желтоқсан Наурыз-Мамыр |
| 6 | "Жас ұлан", "Жас қыран" ұйымына балаларды қабылдау | Салтанатты жиын | ДТІЖО Тәлімгер Сын.жетекші | 16 желтоқсан |
| 7 | Қазақстан Республикасының тәуелсіздік және демократиялық жаңару күніне орай апталық іс-шара | Апталық іс-шара | ДТІЖО | 12-17.12.22 |
| 8 | Жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру мақсатында ауған соғысы ардагерлерімен мектеп оқушыларының кездесуі | Апталық іс-шара | ДТІЖО АӘД жетекшісі Сын.жетекші | Ақпан |
| 9 | 25мамыр - Соңғы қоңырау іс-шарасы балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру | Іс-шара | ДТІЖО Тәлімгер Сын.жетекшілер | 25.05.2023 |
| 10 | 1 маусым - балаларды қорғау күні іс-шарасы балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру | Іс-шара | ДТІЖО Тәлімгер Сын.жетекшілер Өзін-өзі бас.ұйымы | 01.06.2023 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **II. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие**<br>Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру. | | | | |
| 1 | Қазақстан Республикасының тіл мерекесіне байланысты "Өз тіліңді құрметте" атты "Рухани жаңғырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру мақсатында іс-шара | Іс-шара | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>Кітапхана<br>Өзін-өзі бас.ұйымы | Жарты жылдықта бір рет |
| 2 | «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру» бағыты бойынша сыныптар арасында жұмыс жүргізу | талдау, анықтау, сараптама, сауалнама | Психолог<br>Сынып жетекші | Жыл бойына |
| 3 | Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру бойнша "Адалдық дүкені" жұмысын жүргізу | Дүкеннің жұмыс істеуін қадағалау | ДТІЖО<br>Тәлімгер.<br>Жауапты жетекші | Әрбір жұма |
| 4 | 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлік мерекесінің іс-шарасы адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру | Іс-шара | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>Сын.жетекшілер<br>Өзін-өзі бас.ұйымы | 01.05.23 |
| 5 | 9 мамыр- Жеңіс күнінің іс-шарасы | Іс-шара | ДТІЖО Тәлімгер<br>Сынып жетекшілер | 09.05.23 |
| **III. Бағыты: ұлттық тәрбие**<br>Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау. | | | | |
| 1 | «Қоғамға қызмет» әлеуметтік волонтерлік жобасы аясында үлкен сыныптардың кіші сыныптарға волонтерлік жетелеуін ұйымдастыру | Волонтерлік | ДТІЖО Тәлімгер<br>Сын.жетекші<br>Өзін-өзі бас.ұйымы | Жыл бойына |
| 2 | 8 наурыз - халықаралық әйелдер күніне орай батыр аналарды шақыра отырып Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсету бағытындағы іс-шара | Іс-шара | ДТІЖО Тәлімгер<br>Сын.жетекшілер<br>Өзін-өзі бас.ұйымы | 08.03.2023 |
| 3 | 22 наурыз - Наурыз мерекесі жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу мақсатындағы "Наурыз, наурыз келгенде" атты іс-шара | Іс-шара | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>Сын.жетекшілер<br>Өзін-өзі бас.ұйымы | 22.03.2023 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | 7 мамыр -Отан қорғаушылар күні іс-шарасы жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау | Іс-шара | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>Сын.жетекшілер<br>Өзін-өзі бас.ұйымы | 07.05.2023 |
| **IY. Бағыты: Отбасылық тәрбие**<br>Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру. | | | | |
| 1 | Отбасы күніне орай "Менің отбасым" тақырыбында іс-шара | Іс-шара | ДТІЖО<br>Ұйым.педагог | Қыркүйек |
| 2 | «Отбасы-орта мектеп» Мектептің жалпы ата - аналар жиналысы | Іс-шара | ДТІЖО | Қыркүйек |
| 3 | Бірінші қазан қарттар күніне байланысты "Қамқорлық" жобасы бойынша жалғыз басты қарттарға көмек беру апталығы | Іс-шара | ДТІЖО Тәлімгер<br>Сын.жетекшілер<br>Өзін-өзі бас.ұйымы | Жарты жылда бір рет |
| 4 | «Мектептегі бір күн» жобасы аясында ата-аналарды шақырумен сабаққа ену күні | Іс-шара | ДОІЖО<br>ДТІЖО | Жыл бойына |
| 5 | Ата-аналарға арнайы дайындалып таратылатын жадынамалар "Көше қозғалысының сақтығы", "Өрт қауіпсіздігі", "Судан қорғану", "Қоғамдық орындағы сақтық шаралары", "Жаз айларындағы сақтық шаралары", "Табиғат аясындағы сақтық шаралары", "Отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша". Мектептің штаттық қызметкерлерімен бірге әдістемелік кеңес отырысында арнайы жадынамалар дайындау. Ата - аналарға сыныптың ортақ әлеуметтік желідегі чатында және парақша түрінде тарату | Жадынама тарату | ДТІЖО.<br>Тәрбие бойынша мектептің шығармашылық тобы.<br>Сын.жетекшілер | Тоқсанына бір рет |
| **Y. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**<br>Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік. | | | | |
| 1 | Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру «Біз адал еңбекті қолдаймыз!» акциясы сыныптар бойынша роликтер түсіріп тарату | Бейне баян түсірілімі | Тәлімгер<br>Өзін-өзі басқару ұйымы.<br>Сын.жетекшілер | Жарты жылда бір рет |
| 2 | «Ерте жастан экологиялық мәдениет» қалыптастыру мақсатында "Эссе" жазу, сурет көрмесін өткізу | Іс-шара | ДТІЖО<br>Ұйым.педагог<br>Тех.бірлестігі | Жарты жылдықта бір рет |
| 3 | «Еңбек – елдің мұраты» кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік ояту. "Таза табиғат" тақырыбында көгалдандыру, тазалық АКЦИЯСЫ | Іс-шара | ДТІЖО Тәлімгер<br>Сын.жетекші | Қазан<br>Наурыз |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **YI. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу**<br>Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру. | | | | |
| 1 | Көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын дамыту бойынша «Қоғамға қызмет» жобасы аясында мектептегі қолғабыс тобының жалғызбасты отбасыларға көмек беру | Іс-шара | Тәлімге<br>Сын.жетекшілер<br>Өзін-өзі бас.ұйымы | Қыркүйек<br>Қараша<br>Ақпан<br>Сәуір |
| 2 | Әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін қалыптастыру негізінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында сыныптар бойынша ауыспалы челендж "Кітапханадағы бір күнім" | Челендж | Кітапхана<br>Сын.жетекшілер | 10-11 сынып қыркүйек.<br>6-9 сынып қазан<br>4-5 сынып қараша.<br>1-3сынып желтоқсан. |
| 3 | Балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында сыныптар бойынша ауыспалы челендж "Мен сүйетін бір кітап" | Челендж | Кітапхана<br>Сын.жетекшілер<br>Өзін-өзі бас.ұйымы | 10-11 сын.қаңтар.<br>6-9 сын.ақпан.<br>4-5сын.наурыз.<br>1-3.сын. желтоқсан. |
| 4 | Балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасы бойынша қыздар ұйымын тарта отырып "Бес терек" талдау, сараптау, алыдын алу жұмыстары | талдау, сараптау, алыдын алу | Психолог<br>Сын.жетекші<br>Мед.бике | Жыл бойына |
| **YII. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие**<br>Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру. | | | | |
| 1 | Жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға "Бізді қоршаған орта" тақырыбында сыныптар арасында сурет салу байқауы | Іс-шара | Тех.бірлестігі<br>Үйірме.жетекші<br>Сын.жетекші | Жарты жылдықта бір рет |
| 2 | Халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру. «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысының сыныптар дебат клубының сайысы | Дебат сайысы | Смаилов М.С.<br>Дебат клубы | Тоқсанына бір рет |
| 3 | Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Мектептегі қыздардың | Сайыс | ДТІЖО | Қараша |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | "Менің аспаздық өнерім", "Тігінші өнер майталманы" атты сайысы | | Технолог мұғалімі Тәлімгер | Наурыз |
| 4 | Жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру. («Кітап оқу – сән») арттыру мақсатында білім алушылар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханадағы іс-шара | Іс-шара | Кітапханашы. | Тоқсанына бір рет |
| 5 | Эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын қалыптастыру. 2023 жылдың Жаңа жыл мерекесін қарсы алу іс-шарасы эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын қалыптастыру | Мерекелік іс-шара. Сынып сағаттары | Мектеп әкімшілігі ДТІЖО Ұйым.педагог | 25-29.12.2022ж |
| **УІІІ. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**<br>Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру. | | | | |
| 1 | Салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спортты дамыту. 1 қыркүйек - Білім күніне орай спорттық жарыстар дене шынықтырудың құндылығын дәріптеу | Спорттық іс-шара | ДТІЖО Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі | 01.09.22 |
| 2 | Дене шынықтырудың құндылығы. Денсаулық фестиваліне «Өзіңнен баста» атта өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру бйынша іс-шара | Спорттық іс-шара | ДТІЖО Пән.мұғалімдері Ұйым.педагог Сын.жетекшілер | Қыркүйек |
| 3 | Салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спортты дамыту. Күзгі демалыстағы сыныптарда дене шынықтырудың құндылығын қалыптасатыру бойынша спорттық жарыстар | Спорттық іс-шара | ДТІЖО Пән.мұғалімдері Сын.жетекшілер | Қараша |
| 4 | Тәуелсіздік күніне орай спорттық жарыстар салауатты өмір салтын насихаттау бойынша | Спорттық іс-шара | ДТІЖО Пән.мұғалімдері Сын.жетекшілер | 16-17.12.2022 |
| 5 | Дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына әсерін ұлттық мерекедегі спорттық сайыстар арқылы дәріптеу. Наурыз мерекесіне байланысты спорттық жарыстар | | ДТІЖО Пән.мұғалімдері Сын.жетекшілер | 22.03.23 |
| 6 | 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай спорттық жарыстар дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру. | Спорттық іс-шара | ДТІЖО Пән.мұғалімдері Ұйым.педагог Сын.жетекшілер | 01.05.23 |

| Демалыс кезіндегі іс-шаралар | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Күзгі каникул 01-07.11.2022** | | | |
| 1 | "Еңбек -елдің мұраты" атты апталық іс-шара | Іс-шара | ДТІЖО<br>Ұйым.педагог<br>Тәлімгер<br>Сын.жетекшілер | 01-07.11.2022 |
| | **Қысқы каникул 30.12-09.01.2023** | | | |
| 1 | "Қыстың көркі табиғатта" атты іс-шара | Іс-шара | ДТІЖО<br>Ұйым.педагог<br>Тәлімгер<br>Сын.жетекшілер | 30.12-09.01.2023 |
| | **Көктемгі каникул 19-30.03.2023** | | | |
| 1 | "Көктемнің көкмайсасы мен гүлдері" атты іс-шара | Іс-шара | ДТІЖО<br>Ұйым.педагог<br>Тәлімгер<br>Сын.жетекшілер | 19-30.03.2023 |

Тәрбие ісінің меңгерушісі: Ибрагимова А.М.